

№ исх: ДЗ-40 от: 17.02.2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201\_\_жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_»\_\_\_\_\_201\_\_года

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә. Сағынтаевқа**

**2017 жылғы 15 ақпанда жарияланды**

### Депутаттық сауал

### Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын ұйымдар жұмыс істеуінің проблемалары осы депутаттық сауалға себеп болып отыр.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес елімізде баланың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын бірқатар ұйымдар, оның ішінде 20 Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (КБО), мінез-құлқы ауытқымалы балаларға арналған 7 арнаулы білім беру ұйымы, 4 пана үйі (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына жатады) қызмет етеді.

Аталған ұйымдардың функциялары, жобалық қуаты, штаттық кестесі мен инфрақұрылымы олар құрылған кездегі талаптар ескеріле отырып айқындалды.

Алайда, қазіргі уақыттың болмысы аталған ұйымдар қызметінің тиімділігін, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласы үшін ең өзекті міндеттерді шешуге бағытталуын арттыру мақсатында олардың

бағыттары мен жұмыс істеу жағдайларын қайта қарау қажеттілігін дәлелдеп отыр.

Мәселен, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (КБО) Білім және ғылым министрлігінің юрисдикциясына ауысқаннан кейін кәмелетке толмағандарға КБО көрсететін қолдаудың негізгі бөлігі баланың ата-анасын іздестіру, оның КБО-ны бітіруі үшін қажетті құжаттармен жұмыс жүргізу болып табылады. КБО-дағы балаларға педагогикалық және психологиялық қолдау көрсетіледі, алайда, біркелкі, уәкілетті органдармен келісілген, арнаулы әлеуметтік қызметтер нысанында іске асырылған оңалту және тәрбие беру бағдарламалары КБО-лардың басым бөлігінде ұсынылмайды.

Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына қарағанда солардың негізінде құрылған КБО-лар қылмыс жасаған және қоғамнан уақытша оқшаулауға мұқтаж балаларды ұстауды жүзеге асырмайды. Бұл ретте, аталған балаларды ұстау үшін шешім табылмады.

Функцияларын қысқарту және өзге де объективті себептер нәтижесінде штаттық кестесі жүз бірлікке дейін құрайтын көптеген КБО-ларда бір мезгілде ұсталатын балалардың саны, көбінесе, оларға қызмет көрсететін персоналдан әлдеқайда аз болады. Бұл ретте, жыл сайынғы статистика әр ай сайын КБО-ларда ұсталған барлық адамдардың жиынтығын көрсетеді және әсерлі болып көрінеді.

Кейбір өңірлерде КБО-лармен қатар, көп жағдайда олардың функцияларын қайталайтын және жартылай толтырылған пана үйлері жұмыс істейді.

Мінез-құлқы ауытқымалы балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының ресурстары бұдан да аз дәрежеде пайдаланылып келеді. Бұл ретте, олардың барлығы дерлік едәуір аумақта орналасқан, бірнеше корпустары бар және айтарлықтай материалдық-техникалық ресурстарды иеленеді.

Ұйымдардың штаттық кестесі сансыз қызмет көрсетуші персоналды көздесе де, ол ең көп дегенде екі әлеуметтік педагог пен бір психологті қамтиды.

Оқу бағдарламаларын жетілдіру және оны жергілікті мектептердің базасында жүзеге асыру қажеттілігі бөлігінде кәмелетке толмағандарды оқыту процесін ұйымдастыру мәселесі көңіл бөлуге лайық, бұл қоғамнан уақытша оқшауланған балаларды қайта әлеуметтендірудің міндетті шарты болып табылады.

Арнаулы мектептердің басым бөлігінің тәрбиеленушілері үшін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша бірінші кәсіпті алу үшін толыққанды жағдай жасау талап етіледі, себебі, оқыту өңірде сұранысқа ие мамандықтар ескерілмей, көрінеу ескірген жабдықта жүзеге асырылады, осыған байланысты, оған формальды сипат тән.

Бірқатар өзіндік ерекше проблемалар ШҚО Білім басқармасының Қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа жетпей қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған кәмелетке толмағандарға арналған еліміздегі жалғыз арнаулы

мектеп-интернаттың жұмысына байланысты болып отыр, онда жобалық қуаты 50 бала және штат саны 40 қызметкер кезінде ай сайын 1-ден 4-ке дейін кәмелетке толмаған ұсталады.

Арнаулы білім беру ұйымдарында ұсталатын кәмелетке толмағандарды стигматизациялау келеңсіз фактор болып табылады – бірқатар заңнамалық актілерде көрсетілген олардың өзінің атауы да осыны дәлелдейді. Кәмелетке толмағандарға қатысты ерекше құпиялылық талаптарына қарамастан, оларға мінез-құлқы **ауытқымалы** балаларға арналған мектептерді бітіргені туралы куәліктер беріледі, олар өздерінің түлектерін әлеуметтік бейімдеуді көрінеу қиындатады.

Ұйымдар түрінің әрқайсысының да, нақты ұйымдардың да қызметіне қатысты бірқатар өзге де проблемалар бар.

Елімізде өмірлік қиын жағдайдағы балалармен жұмыс істеу үшін кадрлық және материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеушілігі жоғарыда аталған ұйымдар жұмыс істеуінің, оның ішінде соларды ұстауға бағытталатын қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыру мәселесін айрықша өзекті етеді.

Әңгіме әрі жұмыстың дәстүрлі бағыттары, әрі заңды бұзған балаларға байланысты жаңалары және қылмыстық заңды одан әрі ізгілендіруге, ювеналдық сот төрелігін және пробация институтын дамытуға негізделгендері төңірегінде болып отыр.

Тиісті арнаулы әлеуметтік қызметтер саласының институционалдық, ұйымдық, әдістемелік және кадрлық аспектілерде жеткілікті дамымауы, ең алдымен, оңалту және тәрбие беру функцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған құрылымдар жүйесінің болмауы ішкі істер органдарының, оның ішінде пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарға ықпал етудің тиімді шараларын енгізу мен практикалық пайдалануды өте күрделі етіп отыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, КБО-лардың функцияларын нақтылау және олардың базасында (не солардың жанынан) өмірлік қиын жағдайдағы, оның ішінде заңды бұзған кәмелетке толмағандарды бейімдеу және оңалту орталықтарын құру орынды болып көрінеді.

Мұндай орталықтар штаттық кестесіне түзету енгізгеннен және кәсіби даярланған әлеуметтік жұмыскерлер мен психологтердің санын арттырғаннан кейін өздерінің орналасқан жері бойынша күндізгі уақытта болу қызметтері шеңберінде балаларға және олардың отбасыларына кешенді әлеуметтік, психологиялық және басқа да көмек түрлерін көрсете алады.

Мемлекеттік құрылымдар бола тұра, сондай-ақ олар өз өңірлерінде тиісті арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге әдістемелік басшылықты және олардың сапасына бақылауды жүзеге асыра ала еді. КБО-лар базасында тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша кәсіби консультациялар беруді дамыту, дивергенцияны, дұрыс ата-ана болуды қолдауды дамыту мүмкін болады.

Арнаулы мектептерге қатысты айтатын болсақ, онда халықаралық стандарттарға (Гавана қағидалары, 1990 жыл, 30-бап) және қалыптасқан халықаралық практикаға сәйкес кәмелетке толмағандарға жеке көзқарасты қамтамасыз ету үшін мұндайлар болуға тиіс. Жұмыс істеп тұрған мектептер қайта орналастыруды және ғимараттарын кішірейтуді талап етеді. Балалардың және олардың отбасыларының қажеттіліктеріне қарай, тұратын жеріне және әлеуметтік-оңалту іс-шараларына жақын орналасқан, сыйымдылығы 10 кәмелетке толмағанды құрайтын, шағын (коттедж түріндегі) үй-жайлар олардың баламасы болуға тиіс. Мұндай баламалы орталықтар мектепке бармайтын балалармен жүргізілетін жұмыста жалпы білім беретін мектептерге де қолдау көрсете алады.

Білім алушылардың оқитын орны бойынша тұру мүмкіндігі ескеріле отырып, арнаулы мектептердің босатылатын материалдық-техникалық базасын өңірлерде кәсіптік-техникалық білім берудің жана мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, мектептердің базасында балаларға ғана емес, сонымен қатар, осы жердің халқына да қажетті басқа да бағдарламаларды дамыту мүмкін болады (компьютерлік сауаттылықты үйрену, өзін-өзі жұмыспен қамту, спорттық секциялар, шығармашылық немесе лингвистикалық сабақтар өткізу).

Жоғарыда көрсетілген бірқатар проблемалар депутаттар бастамашылық жасайтын тиісті заң жобасында заңнамалық деңгейде көрсетілген.

Сонымен бірге, олардың басым бөлігіне, негізінен, ұйымдастырушылық сипат тән.

Оларды шешу үшін қымбат тұратын және ұзақ мерзімді бағдарламалық құжаттарды қабылдау талап етілмейді екен. Сонымен бірге, ол әрбір өңір мен нақты балалар ұйымы үшін жекеше және қысқа мерзімде әрі қолда бар бюджет қаражатын пайдалануды оңтайландыру шеңберінде мүмкін болуға тиіс.

Осы сауалды қарау нәтижелері туралы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес хабарлауыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,**

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаты,  
«Нұр Отан» партиясының  
Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісіндегі  
фракциясының мүшесі**

**С. Бычкова**

№ исх: ДЗ-40 от: 17.02.2017

**Премьер-Министру  
Республики Казахстан  
Сагинтаеву Б.А.**

**Оглашен 15.02.2017 года**

### **Депутатский запрос**

**Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

Поводом для настоящего депутатского запроса являются проблемы функционирования организаций, осуществляющих защиту прав несовершеннолетних.

В соответствии со статей 30 Закона Республики Казахстан "О правах ребенка в Республике Казахстан" в стране действует ряд организаций, осуществляющих функции по защите прав ребенка, в том числе, 20 Центров адаптации несовершеннолетних (ЦАН), 7 специальных организаций образования для детей с девиантным поведением, 4 приюта (относятся к организациям образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей).

Функции, проектная мощность, штатное расписание и инфраструктура указанных организаций были определены с учетом требований на момент их образования.

Однако реалии настоящего времени свидетельствуют о необходимости пересмотра направлений и условий функционирования указанных организаций с целью повышения эффективности их деятельности, а также направленности на решение задач, наиболее актуальных для сферы защиты прав несовершеннолетних.

Так, с переходом Центров адаптации несовершеннолетних (ЦАН) под юрисдикцию Министерства образования и науки, основная часть поддержки, оказываемая несовершеннолетним ЦАН, представляет собой розыск родителей ребенка, проведение работы с документами, необходимыми для его выпуска из ЦАН. Детям, содержащимся в ЦАН, предоставляется педагогическая и психологическая поддержка, однако единообразные, согласованные с уполномоченными органами реабилитационные и воспитательные программы для детей и их родителей, реализованные в форме специальных социальных услуг, в подавляющем числе ЦАН они не представляются.

ЦАН, в отличие от центров временной изоляции, адаптации и реабилитации несовершеннолетних, на базе которых они созданы, не осуществляют

содержание детей, совершивших преступления и нуждающихся во временной изоляции от общества. При этом ещё не найдено решения для содержания указанных детей.

В результате сокращения функций и иных объективных причин в большинстве ЦАН, штатное расписание которых составляет до ста единиц, количество единовременно содержащихся детей зачастую значительно меньше обслуживающего их персонала. При этом ежегодная статистика отражает суммарно всех лиц, которые в течение каждого месяца содержались в ЦАН, и выглядит внушительно.

В некоторых регионах одновременно с ЦАН имеются во многом дублирующие их функции и заполненные наполовину приюты.

Еще в меньшей мере использованы ресурсы специальных организаций образования для детей с девиантным поведением. При этом практически все они занимают значительные территории, имеют по несколько корпусов и обладают значительными материально-техническими ресурсами.

При том что штатное расписание организаций предусматривает многочисленный служебный персонал, оно включает максимум двух социальных педагогов и одного психолога.

Внимания заслуживает вопрос организации процесса обучения несовершеннолетних в части совершенствования учебных программ и необходимости осуществления его на базе местных школ, что является обязательным условием ресоциализации детей, временно изолированных от общества.

Для воспитанников большинства специальных школ требуется создание полноценных условий для получения первой профессии по программам технического и профессионального образования, поскольку обучение осуществляется на заведомо устаревшем оборудовании без учета специальностей, востребованных в регионе, в связи с чем носит формальный характер.

Ряд специфических проблем связан с работой единственной в стране специальной школы-интерната для несовершеннолетних, совершивших уголовно-наказуемые деяния до достижения ими возраста, с которого наступает уголовная ответственность» Управления образования ВКО где при проектной мощности 50 детей и штатной численности 40 сотрудника ежемесячно содержится от 1 до 4 несовершеннолетних.

Негативным фактором является стигматизация несовершеннолетних, содержащихся в специальных организациях образования - об этом свидетельствует само их название, указанное и в ряде законодательных актов. Несмотря на требования особой конфиденциальности в отношении несовершеннолетних, им выдаются свидетельства об окончании школ для детей с девиантным поведением, которые заведомо осложняют социальную адаптацию их выпускников.

Имеются и ряд иных проблем, касающихся деятельности как каждого из видов организаций, так и конкретных организаций

Особую актуальность вопросу повышения эффективности функционирования вышеуказанных организаций, в том числе, использования средств, направляемых на их содержание, придает нехватка в стране кадровых и материально-технических ресурсов для работы с детьми, находящимися в трудной жизненной ситуации.

Речь идет как о традиционных направлениях работы, так и новых, связанных с детьми, находящимися в конфликте с законом, и обусловленных дальнейшей гуманизацией уголовного закона, развитием ювенального правосудия и института пробации.

Внедрение и практическое использование эффективных мер воздействия на несовершеннолетних, находящихся на учете органов внутренних дел, в том числе, службы пробации, крайне затруднено недостаточным развитием сферы соответствующих специальных социальных услуг в институциональном, организационном, методическом и кадровом аспектах, прежде всего - отсутствием системы специализированных структур, осуществляющих реабилитационные и воспитательные функции.

Учитывая вышеизложенное, представляется целесообразным уточнение функций ЦАН и создание на их базе (либо при них) центров адаптации и реабилитации для несовершеннолетних, находящихся в тяжелой жизненной ситуации, в том числе в конфликте с законом.

Подобные центры после коррекции штатного расписания и увеличения числа профессионально подготовленных социальных работников и психологов смогут предоставлять по месту их нахождения комплексную социальную, психологическую и другие виды помощи в рамках услуг дневного пребывания детям и их семьям

Являясь государственными структурами, они могли бы также осуществлять методическое руководство и контроль за качеством оказания соответствующих специальных социальных услуг в своих регионах. На базе ЦАН возможно развитие профессионального консультирования в вопросах бытового насилия, развитие дивергенции, поддержки позитивного родительства.

Что касается специальных школ, то, в соответствии с международными стандартами (Гаванские правила, 1990 г., статья 30) и сложившейся международной практикой для обеспечения индивидуального подхода к несовершеннолетним таковые должны быть. Существующие школы требуют редислокации и разукрупнения зданий. Альтернативами должны стать небольшие помещения (в виде коттеджа) с вместимостью до 10 несовершеннолетних вблизи мест проживания и социально-реабилитационных мероприятий, в зависимости от потребностей детей и их семей. Такие альтернативные центры смогут также оказывать поддержку общеобразовательным школам в работе с детьми, которые пропускают школу.

Освобождаемая же материально-техническая база специальных школ с учетом возможности проживания учащихся по месту обучения может использоваться для реализации в регионах новых государственных программ профтехобразования. Возможно также развитие других программ с привлечением НПО на базе школ, которые необходимы не только детям, но и населению данной местности (изучение компьютерной грамотности, самозанятость, спортивные секции, проведение творческих или лингвистических занятий).

Ряд вышеуказанных проблем на законодательном уровне отражен в соответствующем законопроекте, инициируемом депутатами.

Вместе с тем, большинство из них носит преимущественно организационный характер.

Представляется, что для их решения не требуется принятия и реализации дорогостоящих и долгосрочных программных документов. Вместе с тем, оно должно быть индивидуально для каждого региона и конкретной детской организации и осуществимо в краткие сроки и в рамках оптимизации использования имеющихся бюджетных средств.

О результатах рассмотрения настоящего запроса прошу сообщить в соответствии со статьей 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

**С уважением,**

**Депутат Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
член фракции партии «Нұр Отан»  
в Мажилисе Парламента  
Республики Казахстан**

**С. Бычкова**